

Ж.Б. Саткенова* , Г.Б. Мадиева , Л.Т. Алимтаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: jaina1978@mail.ru

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН КОРПУСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕГІМЕН ЗЕРТТЕУ

Мақалада Абай өлеңдерін корпустық технология көмегімен зерттеудің ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ поэтикалық мәтін корпустарын зерттеу мен құру сала мамандары үшін ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік мәселе ретінде де маңызды. Шетелдік және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде корпус құрылғаннан кейін академиялық сөздіктер мен грамматикалар қайта қаралып, қайта жазылғандығы туралы ақпарат бар. Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасау, қазақ әдеби тілінің мәтіндері негізінде тілдік корпустарды пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру және осы мүмкіндіктерді іске асырудың ғылыми-теориялық негіздемесін әзірлеу қажет. Өйткені, тілдік корпусты құрастыруда, атап айтқанда, әртүрлі сөздіктерді құрастыруда, ғылыми грамматиканы қайта жазуда немесе белгілі бір лингвистикалық құбылыстарды анықтауда алынған нәтижелерді қолдану корпустық лингвистиканың болашақ дамуы үшін ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулердің жаңа технологиясын қалыптастыру үшін де маңызды. Ұлттық корпус бірінші кезекте тілдің лексикасы мен грамматикасын ғылыми зерттеуді, сондай-ақ тілде салыстырмалы түрде шағын кезеңдер – бір ғасырдан екі ғасырға дейін болатын тілдік өзгерістерді қамтамасыз етуге арналған. Корпустың тағы бір функциясы – лексика, грамматика, акцентология, тіл тарихы салаларына қатысты әртүрлі анықтамаларды ұсыну. Қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар мәтіндердің лингвистикалық өңдеу рәсімдерін бірнеше рет жеңілдетеді және жеделдетеді. Поэтикалық мәтін корпусын жетілдіру арқылы Абай тілінің кіші корпустарын жасауға, электронды тілдік корпустар қызметін жетілдіруге, лексикографиялық зерттеулер жүргізуге, Абай өлеңдерінің кіші корпусын автоматтандырудың ғылыми методологиясын негізін жасауға мол мүмкіндік туады. Абай қолданысындағы сөз байлығын жинақтап корпуста енгізу – қазақ тілін ғылым тіліне, IT платформалар мен техника тіліне айналдырудың, әлемдің сұраныстағы тіл деңгейіне көтерудің басты қадамы болмақ.

Түйін сөздер: корпустық лингвистика, ұлттық корпус, ақпараттық технология, корпустық технология, Абай поэтикасы, қазақ поэтикалық мәтіні.

Zh.B. Satkenova*, G.B. Madiyeva, L.T. Alimtayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: jaina1978@mail.ru

Learning Abai's Poems with Corpus Technology

The article discusses the features of studying Abai's poetics using corpus technology. The research and creation of corpora of Kazakh poetic texts is important not only for industry specialists, but also relevant as a social task. In the works of foreign and Russian scientists there is information that after the creation of the corpus, academic dictionaries and grammars were revised and rewritten. Thus, there is a need to create a small corpus of the Abai language, consider the possibilities of using language corpora based on the texts of the Kazakh literary language and develop a scientific and theoretical justification for the implementation of these possibilities. After all, the use of the results obtained in compiling a language corpus, in particular, when compiling various dictionaries, rewriting scientific grammar or defining certain linguistic phenomena, is important not only for the further development of corpus linguistics, but also for the formation of a new technology for scientific research. Another function of the corpus is to provide various references related to vocabulary, grammar, accentology, and history of the language. Modern computer technologies greatly simplify and speed up the process of linguistic text processing. By improving the corpus of poetic text, it is possible to create a small corpus of the Abai language, improve the functions of electronic language corpora, conduct lexicographic research, and create the basis for a scientific methodology for automating the small corpus of the Abai language. Generalization and implementation of the vocabulary wealth of Abai's language into the corpus will be a key step towards transforming the Kazakh language into the language of science, the language of IT platforms and technology, raising it to the level of a language of global demand.

Key words: corpus linguistics, national corpus, information technologies, corpus technologies, Abai's poetry, Kazakh poetic text.

Ж.Б. Саткенова*, Г.Б. Мадиева, А.Т. Алимтаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: jaina1978@mail.ru

Изучение стихов Абая с помощью корпусных технологий

В статье рассматриваются особенности изучения поэтики Абая с помощью корпусных технологий. Исследование и создание корпусов казахских поэтических текстов важно не только для специалистов соответствующей сферы, но и актуально как общественно-социальная задача. В трудах зарубежных и российских ученых имеются сведения о том, что после создания корпуса были пересмотрены и переписаны академические словари и грамматики. Таким образом, возникает необходимость создания малого корпуса языка Абая, рассмотрения возможностей использования языковых корпусов на основе текстов казахского литературного языка и разработки научно-теоретического обоснования реализации этих возможностей. Применение полученных результатов при составлении в целом поэтического корпуса, важно не только для составления различных словарей, переписывании научной грамматики или определении тех или иных языковых явлений, но и для дальнейшего развития корпусной лингвистики и формирования новой технологии научных исследований. Национальный языковой корпус предназначен в первую очередь для обеспечения научного изучения лексики и грамматики языка, а также языковых изменений, происходящих в языке в течение относительно небольших периодов – от одного до двух столетий. Другая функция корпуса заключается в предоставлении различных справок, связанных с лексикой, грамматикой, акцентологией, историей языка. Современные компьютерные технологии многократно упрощают и ускоряют процесс лингвистической обработки текстов. Малый корпус языка Абая необходим для совершенствования поэтического корпуса, это дает возможность улучшить функции электронных языковых корпусов, проводить лексикографические исследования, создавать основу научной методологии автоматизации малого корпуса языка Абая. Обобщение и внедрение в корпус словарного богатства языка Абая станет ключевым шагом на пути совершенствования казахского языка как языка науки, языка IT-платформ и техники, поднятия его на уровень языка мирового спроса.

Ключевые слова: корпусная лингвистика, национальный корпус, информационные технологии, корпусные технологии, поэзия Абая, казахский поэтический текст.

Кіріспе

Ақпараттық жаһандану үдерісі әлемдік деңгейде белең алып келеді. Ақпараттық-технологияның даму деңгейі адамдардың өмір сүру сапасына, қоғамның, экономиканың, ұлттық қауіпсіздіктің және мемлекеттің дамуына әсер етеді. Ақпараттандыру үдерісі білім беру жүйесіне де қатысты. Қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі міндет – оқу үдерісінің сапасын жақсарту, білім деңгейін арттыру, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану. Оның негізгі көзі интернет. Қазақстан Республикасының білім беру саласында, оқу үдерісін ақпараттандыруда интернет маңызды құралға айналууда. Интернет оқытушыға оқу үдерісін барынша жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Білім алушылар да оқу материалын меңгеру мақсатында түрлі ақпараттармен танысады. Заманауи оқытушы интернет кеңістігін жақсы меңгеріп, студенттердің әлемдік желі ресурстарымен сауатты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мәтіндердің көптігі электронды ұсынылғандықтан және интернетке қолжетімділік еркін болғандықтан, интернеттің өзін (Web as Corpus) ең

үлкен корпус деп санауға болады. Корпус – бұл электрондық нысандағы кейбір тілдегі мәтіндер жинағына негізделген ақпараттық-анықтамалық жүйе.

Корпустық технологиялар – бұл электронды лингвистикалық корпустардың деректерін өңдеу және талдау құралдары мен әдістерінің жиынтығы. Корпустық технология көмегімен қазақ поэтикалық мәтіндеріне зерттеу жүргізу – қазіргі зерттеулердің функционалды бағытын дамытады. Бұл күрделі әрі зерттеуді қажет ететін мәселе. Қазақ поэтикалық мәтіндерін жаңа ақпараттық технологиялар көмегімен зерттеу компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуына да байланыста болады. Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасауда Абай өлеңдерін корпустық технологиялар көмегімен зерттеу көзделеді. Абай шығармаларының маңыздылығын арттырып, қазақ әдебиетінің әлемдік кеңістікке орнын айқындайды. Бұл мәселелер шешімін тапқан жағдайда Абай өлеңдері сандық технология көмегімен корпус құрамына енеді. Қазіргі қоғамдағы сандық жүйені жасауға, сандық тіл білімі мен сандық әдебиет салаларының жаңа қарқынмен дамуына үлес қосады. Қазақ поэти-

калық мәтіндерінің ұлттық корпусын дайындаудың да қажеттілігі осында.

Тілші ғалым, профессор А. Жұбанов, А. Жаңабековалар корпуслық лингвистика саласына қатысты зерттеулерінде ұлттық корпус түзудің қажеттілігіне тоқталады (Жұбанов, Жаңабекова, 2016). Қазіргі уақытта академиялық сөздік құрастыруда, сөйлеу тілі қолданысын айқындауда, лингвистикалық зерттеулер жүргізуде ұлттық корпус қызметі аса қажет. Үлкен көлемді мәтіндерді өндеуге мүмкіндік болады. Қазіргі корпуслық технологиялар көмегімен материалдың көлеміне және ондағы ақпаратты іздеу жылдамдығына шектеу жоқ. Сол мүмкіндікті ұлттық мүддеге сәйкес қолданған абзал. Сандық жүйеге енгізілген қазақ тіліндегі мәтіндерді толықтырудың маңызы орасан зор. Ол мәтіндер ақпараттық, анықтамалық сипатқа ие. Абай өлеңдерінің цифрлық корпусын құру инновациялық жобалардың дамуына, жаңа лингвистикалық және мәдени ресурстарды жетілдіруде өз үлесін қосады.

Материалдар мен әдістер

Корпуслық лингвистиканы дамыту, ұлттық корпусы, оның ішінде түрлі кіші корпусарды жасау ғылым алдындағы өзекті мәселелердің бірі. Корпуслық лингвистика ғылымының негізін қалаған ғалым А. Жұбанов мәтіндер корпусының негізгі белгілерін «мәшине оқи алатын форматта болуы, айрықша іріктеу әрекетінің нәтижесі ретіндегі репрезентаттық (көлемділік) сипаты және металингвистикалық ақпараттың берілуі» деп жіктейді (Жұбанов, 2009). Тілші ғалым тілдік корпус жасаудың, оны қолданудың негізгі шарттарын атайды. Ауқымды, үлкен көлемді репрезентативтілік мәтіндердің, деректердің түріне, типіне тоқталады. «Тілдік құбылыстардың қоғамның барлық саласын ақпаратпен қамтамасыз ететіндігін, корпусарда көптеген деректер түрлерінің табиғи мән-мәтіндік формасында сақталатындықтан, оларды кешенді және жан-жақты зерттеулер жасауға мүмкіндік тудыратындығын, корпусқа бейімделіп жасалған және дайындалған материалдарды зерттеушілер әртүрлі мақсатта пайдалануларына болатындығын» көрсетеді (Жұбанов, 2009).

Корпус жасаудың астарында зерттеушілердің «дәстүрлі карточкаларды құрастыру» тәжірибесі жатқандығы анық. XX ғасырда компьютерлік технологиялардың дүниеге келуі картотеканың компьютерлік қызметін айқындап берді әрі жалпыға қолжетімді болды. Ұлттық

корпусы жасауда жинақтау, топтау, салыстыру, анализ жасау, белгіленім енгізу, логика-семантикалық, дистрибутивтік, т.б. әдістер жиі пайдаланылады. Абай өлеңдерін сақтау, жинау, талдау, салыстыра зерттеудің жаңа әдістерін қолдану, сонымен қатар поэтикалық мәтіндердің автоматтандырылған сөздіктер мен грамматикалар сияқты жаңа түрлерін, жаңа формаларын игеру корпуслық лингвистика саласы үшін аса тиімді. Бұл әдістерді қазақ поэтикалық мәтіндер корпусын, оның ішінде Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасауда толық пайдалануға болады. Олар ана тілін немесе шет тілі ретінде білім алушылар үшін да маңызды. Қазіргі уақытта әлемдік оқу үдерісінде оқулықтар мен оқу бағдарламалары корпусқа бағытталған. Кез келген тілді қолданушы адам корпусы пайдалана отырып, өзіне бейтаныс сөзді немесе грамматикалық форманы қолдану ерекшеліктерін тез әрі тиімді қолдана алады. Сандық жүйеде тұтас қалыптағы поэтикалық мәтіндердің сақталуы поэзиялық туындылар үзінділерін, тілдік бірліктерін, сөзтұлғалардың статистикасы мен жиілігін пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Жалпы компьютерлік лингвистика ғылымына деген сұраныс күн сайын артып келеді. Ал оның ішінде корпуслық лингвистика саласының негізгі зерттеу нәтижесі қазіргі қоғам үшін аса қажет. Түрлі мәтіндік корпусарды пайдалану арқылы тілдік зерттеулерде тәжірибе жүргізудің пайдасы орасан зор. Әсіресе лексикография саласында, сөздік түзу қызметінде корпуслық технология көмегіне жүгіну келелі мәселелердің шешімін табуға көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу

Корпуслық лингвистика саласына қатысты шетелдік ғалымдарының (Л.Н. Засорина, А.П. Ершов, В.Б. Касевич, А.В. Венцов, Е.В. Грудева, Е.В. Ягунова, А.Н. Баранов, С.А. Шаров, И.М. Богуславский, т.б.) еңбектері басшылыққа алынды. Жалпы тілдегі корпусының маңыздылығы турасында В.М. Плунгян: «Тілдің ұлттық корпусы атауына сай келетін корпуста материалдардың қамтылуы толық әрі көлемі жағынан үлкен болса, бұл өте тиімді және (тар саладағы мамандармен қатар басқа да сала мамандары да қолдана алатын) пайдалы құрал болары анық», – деген тұжырымға келеді (Плунгян, 2005). Абай өлеңдерін корпуслық технология көмегімен зерттеу барысында, алдымен, лингвистикалық корпус жасаудың теориясы мен технологиясына қатысты 1960 жылы құрылған

Браундық корпус, 1980 жылы жасалған Швециялық мәтіндік корпус, Чех ұлттық корпусы, орыс әдеби тілінің ұлттық корпусы туралы мәліметтерге шолу жасалды. Орыс тілінің ұлттық корпусын зерттеген ғалымдар (Н.Р. Добрушина, Е.В.Рахилина), қазақ ұлттық корпусы теориясы бойынша (А.Жұбанов, Э.Д. Сүлейменова, Б.Қалиев, С. Бизақов, М. Малбақов, Д. Ельдесов, Т.Е. Калдыбеков, А.Жаңабекова, М. Мансурова) зерттеулері, Алматы қазақ тілі корпусы бойынша (Мадиева Г.Б., Ж.М. Уматова, С. Бектемирова, М. Мамбетова), Абай поэтикасын, Абай шығармаларының тілдік ерекшеліктерін зерттеген (Р.Сыздық, Қ. Жұбанов, З. Ахметов І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, А. Аманжолов) тұжырымдары басшылыққа алынды.

Нәтижелер мен талқылау

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Қазіргі қоғамдағы экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайларға байланысты ақпарат ағыны сәт сайын қарқынды дамып келеді. Жаһандану кезеңіндегі мұндай ақпарат ағымының тез таралуы тіл қызметінің өрісін кеңейте түсері анық. Қоғам талабына сәйкес ақпарат ағынын игеру, соған сәйкес зерттеу жүргізу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болмақ. Ол үшін тілдік корпустар қызметін жетілдіру қажет. Корпустық лингвистикада қазақ тілінің поэтикалық мәтіндерінің жеке корпусы қызметін дамыту керек. Қазақ поэтикалық мәтіндерінің жеке корпусын толықтыруда ақын-жазушылар шығармаларының орны ерекше. Бұл арқылы қазақ тілші-ғалымдарына көлемді тәжірибелік материалдарды пайдалануына, ұлттық корпус базасын толықтыруға, зерттеушіге керек тілдік бірліктерді табуға мүмкіндік туады. Зерттеушілер тілдік корпустар жасауда өз шешімін таппаған мәселелердің бар екендігін атап, қолданбалы лингвистика жетістіктерін ұлттық мүддеге сай жаратудың маңыздылығына тоқталады (Пірманова, Жаңабекова, Барменкүлова, 2021).

Ұлттық корпустарды толықтыру, оны жүзеге асырудың ғылыми-теориялық негіздемесін жасау да кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі. Ұлттық корпусты бір жүйеге негізделген тілдік материалдар базасы деп қана қарау дұрыс емес. Ұлттық корпус қазіргі ақпараттар кезеңінде, виртуалды кеңістікте мемлекеттік тіл қызметін жетілдіру, тілдік ресурстарға қол жеткізу тетігі болып саналады.

XXI ғасырда тіл таным құралы қызметін атқарып келеді. Қоғам сұранысына сәйкес тілдік

бірліктерді, сөз қолданыстарын, сөз жиілігін IT платформаға жинақтап қолданысқа енгізген кезде ғана ұлттық корпустың тиімділігі артады. Әр тілдік қолданыс, әр сөз – ұлт байлығы. Ұлттық корпустың өміршеңдігі де осыған байланысты болмақ. Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру туралы Президентіміз Қ.К. Тоқаев ұлттық құрылтайдағы сөйлеген сөзінде тағы да шегелеп айтып кетті. Абай қолданысындағы сөз байлығын жинақтап корпустық енгізу – қазақ тілін ғылым тіліне, IT платформалар мен техника тіліне айналдырудың, әлемдің сұраныстағы тіл деңгейіне көтерудің басты қадамы болмақ.

Қазақтың ұлы ақыны, қазақ жазба поэзиясын жана сапалық белеске көтерген, қазақ әдебиетіне көркемдік құндылықтардың әлемдік үлгісін алып келген, ақындық мектеп, қайталанбас дәстүр қалыптастырған, Абай Құнанбайұлы поэзиясының ерекшеліктері әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттелді. Абай шығармаларының ғылым тіліне айналуына зор үлес қосқан ғалым академик Рәбиға Сыздықова болатын. Тілші-ғалым алғашқы зерттеу еңбегін Абай шығармаларына, оның лексикалық, морфологиялық, грамматикалық, поэтикалық ерекшеліктерін зерттеуге арнады. Көп жылғы зерттеу еңбегінің жемісі ретінде 1968 жылы ғалым Шоқан Уалиханов сыйлығымен марапатталады. Бұл еңбекте Абай мұрасының қазақ әдеби тіліне қосқан үлесін сөз етеді. Ақын шығармаларындағы тілдік бірліктердің лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін саралап, тың қолданыстырдың мағынасын ашып береді. Тұңғыш рет Абайдың жазба әдеби тілді қалыптастырудағы орнын айқындайды. Абайдың тілдік тұлғасын танытып, ақын шығармаларына тән авторлық қолданыстарды зерттейді.

Абай – қазақ поэзиясын, қазақ әдеби тілінің сарқылмас байлығын, қазақ дәстүрін, философиялық ойын өзінің дара тұлғасымен биік белеске көтерген дара тұлға. Ақын шығармалары, ақын өлеңдері арқылы Абайдың әлемді, дүниені қабылдауын тануға болады. Дәстүр мен жаңашылдық ұғымдарының негізгі белгісін де ақынның тілдік тұлғасы арқылы қабылдаймыз. Боямасыз өмір шындығын, ұлт болмысын суреттей отырып, салмақты әлеуметтік ой айтады. Өмір құбылыстарын, заман мен қоғам шындығын шынайы бейнелеу арқылы оқырманға ой тастайды. Айналасында болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер мен жаңашылдыққа үнемі үн қосып, өмір көшінің алдында жүріп, замана желінің қайда соғарын тап басып танып отырған қаламгер өлеңі арқылы өзгелерге жол сілтейді.

Ақын қаламына тән, ақынның тілдік тұлғасын өзгелерден ерек ететін даралық белгілерді табиғатты суреттеуінен, кейіпкер бейнесін, кейіпкер портретін жасаудан, кейіпкердің тілдік мінездемесін сипаттаудан, оқиға желісін баяндаудан анық аңғарамыз. Ақын дүниетанымындағы рухани құндылықтарды бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, келешек ұрпаққа аманат ету басты парызымыз. Қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаған Абай мұрасын бүгінгі қоғам сұранысына сай цифрлық корпус құру инновациялық жобаларына енгізу арқылы қазіргі қазақ әдеби тілінің қарыштап дамуына зор үлес қосуға болады. Абай кезеңінен бастау алған қазақ жазба әдеби тілі – бір арнаға тоғысу үрдістері мен амалдарының өзгерісіне қарай тілдік құралдары әр сатыдан өткен сайын көбейіп, жетіліп отырған, құрамы күрделі, бүгінгі таңдағы қоғамда басты рөл атқаратын, күрделенген тіл. Қазіргі қазақ әдеби тілі – қарым-қатынас жасаумен қатар таным құралы қызметін де атқарады. Қоғам сұранысына сай үнемі толығып, жетіліп, тіл заңдылықтарына сәйкес өзгеріп отырады. Сондықтан қазіргі қазақ әдеби тілі қазақ халқының сан ғасырлық рухани және мәдени байлығының көрсеткіші әрі нәтижесі ретінде бағаланады. Қазіргі қазақ әдеби тілі ұлт тілінің негізінде пайда болғандықтан өміршең. Ата-баба дәстүрі, тарихи мұрасы оның тілінде сақталады. Кезеңдік өзгерістерді де тіл арқылы зерделей аламыз. Қазіргі қоғам дамуының қарқынды болуы мен ғылыми-техникалық прогрестің серпінділігі тілдік үдерістердің де тез өтуіне, өзгеруіне әсер етуде. Көпвалеттілік, нормалық, стильдік сипатқа ие қазіргі қазақ әдеби тілі қоғамның барлық саласы үшін қызмет етіп келеді. Қазіргі қазақ әдеби тіл халықаралық тілдермен қатар тұрып, жаһандану кезеңінің түрлі өзгерістерін қабылдап, тіл тазалығын сақтаудың түрлі жолдарын қарастырған тіл. Сондықтан қазіргі қазақ әдеби тілінің мүмкіндігін ұлттық корпус жасауда молынан пайдалану керек. Қазіргі қазақ әдеби тілі ауызекі қарым-қатынаспен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары электронды түрлерінің қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етуде. Қазақстан Республикасының территориясында мемлекеттік тіл функциясын атқарып отыр. Абай негізін қалаған жазба әдеби тіл қазақ тілінің ережелеріне сәйкес бекітілген, нормалық, стильдік белгілермен дәйектелген, кодификацияланған тіл. Сондықтан Абай поэтикасын корпуслық лингвистика талаптарына сәйкес зерттеу Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасауға мүмкіндік ашады. Ғалым Р.Сыздықова зерттеулеріндегі Абай мұрасына тән ерекше-

ліктерді поэтикалық мәтіндер корпусын және Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасауда қолдануға болады. Поэтикалық мәтіндер корпусы 2006 жылы пайда болды. Оған қаламгерлердің өлеңдер енгізілген. XVIII ғасырдан осы уақытқа дейінгі туындылар қарастырылады. Ақын өлеңдеріне тән лексикалық, морфологиялық, синтаксистік белгіленімді ажыратуға болады. Абай мұрасын поэтикалық мәтіндер корпусына енгізудің төмендегідей артықшылықтары бар:

Поэтикалық корпус мәтінін толықтыруда бір сөзді қайталамай жаңартып қолдану маңызды. Сөзді құбылтып қолдану, бір ұғымды түрлі көркемдеуіш амалдармен беру – ақын қолданысына тән құбылыс. Ал «поэтизм дегеніміз – белгілі бір кезеңдегі поэзия тілінде пайда болған немесе іріктеліп шыққан сөздер мен тіркестер (обороттар)» (Виноградов, 1962), яғни өлеңнің көркемдік талабын өтеу үшін қалыптасқан элементтер. Адам келбетін бейнелеуде Абай персонификация әдісін қолданады. Ақын танымында табиғаттағы құбылыстар адам кейпінде суреттеледі. Күн – *елжірей қарайды, қырындайды, күлімдейді*, өсімдік атаулы – *майысып қарайды*, су жай ақпайды, *бұлаңдай ағады*. Бұл қолданыстар табиғатты, адам келбетін, адам бейнесін, олардың ерекше белгілерін оқырман көз алдына елестетіп, эстетикалық әсер беру мақсатында жұмсалған. Мұндай қолданыстарды академик Р. Сыздықова «стильдік қызмет атқарып, поэтикалық құралға айналған» қолданыстар ретінде қарастырады (Сыздықова, 2014). Абай Құнанбайұлы шығармаларында, поэзиялық туындыларында көркем шығарманың шырайын келтіретін амалдарды, көркемдеу құралдарын сәтті қолданады. Танымдық көзқарастан туындаған метафора, эпитет, теңеу, метонимия, айшықтау сияқты троптар мен фигуралар ақын өлеңдерінде ұтымды қолданыс табады. Заттың, қимылдың сындық-сапалық сипатын білдіретін эпитетті қолданыстар ақын өлеңдерінде – кейіпкердің бейнесін, кейіпкер келбетін, іс-әрекетін, кейіпкерлердің табиғатқа деген көзқарасын ашық білдірудің ұтымды да үнемді амалы ретінде жұмсалған. Эпитеттің экспрессивтік, эмоционалдық сипаты да ақын қолданысынан тысқары қалмаған. Дәл, орынды, жүйелі қолданылған эпитетті тіркестер ақынның өзіндік қолтаңбасын айқындайды. Ақын туындыларында дәстүрлі эпитетпен қатар авторлық қолданыстан туған эпитеттерді де кездестіруге болады. Халық тіліндегі *ет жүрек, жау жүрек, ит жүрек, ауру жүрек* сияқты дәстүрлі қолданыстарғы эпитеттермен қатар *ыстық жүрек, асау жүрек, қырық жамау жүрек, мұз жү-*

рек, жылы жүрек, ұрпаған жүрек, асыл жүрек сияқты соны, тың эпитеттерді ұсынады. Ақын өлеңдерінде жүрек сөзі 128 рет түрленіп жұмсалыады. Ақын өлеңдеріндегі эпитеттер тұлғасы жағынан біркелкі емес, дара эпитеттерден көрі күрделі эпитеттердің қолданылуы басым. Мысалы, *аума-төкпе заман, қырмызы қызыл жібек бозбала, күркіреп жатқан өзен, шұрқырап жатқан жылқы, түсі суық сұр бұлт, ыңғайлы ықшам киім*, т.б.

Абай поэзиясын сөз еткенде ақын қолданысындағы фразеологизмдер мен перефрастический тіркестерін атап өтпеуге болмайды. Қазақ әдеби тіліне ақын енгізген соны жаңалық деп атау керек. Перефразалық тіркестерді поэзиялық мәтінде қолдану Дулат Бабатайұлы шығармаларынан бастау алса, Абай сол дәстүрлі жалғастырады. Абайға дейін қолданыста болған *сұм дүние, сұм жалған* деген тіркестерді ақын *бұлдыр заман, кемді күн* деп қолданады. Ақын танымында **арман** – *қарсақ жортпас қара адыр*, **надандық** – *қараңғылық пердесі*, **Абай заманы** – *соқтықпалы соқпақсыз жер*, **махаббат** – *бейнет сусыны*, **өкініш** – *өткен күн улары*, **саналылық** – *жүректің көзі*, **надандық** – *қараңғылық пердесі*, **уайым** – *көңілдің сызығы*, **қайғы** – *өмірдің шыжығы*, **үміттену** – *үміттің оты*, т.б. Абай поэзиясында етістікті перефраздар да шебер қолданылады. «Қартаю» етістігін ақын өз өлеңдерінде – *ажары қайту, ажары тозу, өмірдің өрін тауысу, қайратсыз тарту* сияқты жаңа, тың қолданыстармен берген.

Поэтикалық корпус мәтінінде метафоралық қолданыстардың да қызметі ерекше. Абай өлеңдеріндегі дерексіз сөздердің қолданысы аясы, жаңа образ жасаудағы ерекшелігі, ақын қолданысын танытатын ерекше тіркесімдердің берілуі көркем әдебиет стилін дамытып қана қоймайды, бір кезеңге тән, яғни Абай өмір сүрген кезеңнің тілдік бейнесін тануға мүмкіндік жасайды. Абай образ жасау үшін эмоционалды-эксперсивті етістікті сөздерді шебер қолданады. Болыс-билердің портретін жасауда *далпылдау, жалпылдау, барқылдау, бартылдау, шаңқылдау, аңқылдау, тарпылдау, қарқылдау, шартылдау, лепілдеу, дікілдеу, өкімдеу, күнілдеу, шыбындау, жымыңдау, суылдау* сияқты етістіктерді қолданады. Бұл етістіктер болыс, би, шабармандардың жағымсыз бейнесін сипаттауда ұтымды қолданыс тапқан. Болыс портретін жасауда ақын *лүпілдеу, жүрегі лүпілдеу* етістігінен гөрі *суылдау, жүрегі суылдау* тіркесін қолданады. Бұл етістікті тіркес образ бейнесін ашуда ақын қаламына тән ерекше қолданып деп айтуға болады. Көсемше тұл-

ғасы өткен шақ етістікті сөздердің поэтикалық қолданыстағы ерекшелігін әдебиетші ғалым З. Ахметов қазақ әдеби тілінде «поэтикалық міндет атқарған құрал» ретінде бағалаған (Ахметов, 1973).

Абай шығармаларында ойбейне тәсілі шебер қолданылады. Қоршаған әлемнің шындығы ақын өлеңдерінде ойбейне сияқты концептілік құрылым арқылы да беріледі. Суреттеу тәсілі арқылы жансыз бейнені жанды бейнеде суреттеуде символ, метафора, аллегория сияқты амалдар қызмет атқарады. **Ойбейне** – белгілі бір ұлттың әлем шындығын тануы үшін қалыптасқан заттар мен құбылыстар жайлы ұғым. Адам образын оқырман көз алдына белгілі бір бейнені елестету арқылы беру – қазақ поэзиясы үшін тың қолданыс болған еді. Бұған ақын өлеңдеріндегі *саусағы суыну, йықтары тиісу, көздері төмендеу*, т.б. тілдік бірліктерді мысал ретінде келтіреміз. Осы сияқты бейнелі образдарды беретін тілдік бірліктерді поэтикалық корпус базасына енгізу арқылы корпус қорын толықтыруға болады. Академик Р. Сыздықова ақын өлеңдеріндегі, ақын поэзиясындағы тағы бір ерекшелік ретінде поэзия тіліне тән емес сөздерді өлең жолдарына қосып, поэзия тілінің лексикалық құрамының толығын атап өтеді. (Сыздықова, 2014). Бұл мүмкіндікті заман талабына сәйкес ұлттық корпус жұмысын жетілдіру мақсатында пайдаланған жөн болар. Поэтикалық мәтіндерді сандық жүйе талаптарына сәйкес қарастыру, статистикалық зерттеу жүргізу көркем туындыны, оның авторын, шығарма тілін жаңа аспектіде қарастыруға мүмкіндік ашады. Ақын өлеңдеріндегі жаңа қолданыстарды айқындау, оны сандық технология көмегімен ұлттық корпусқа енгізу сандық жүйедегі поэтикалық мәтіннің құндылығын арттырады. Абай поэзиясындағы *үміт аты, соқтықпалы соқпақсыз жер, мөңіреп қайтқан ой* тәрізді тың қолданыстар, соны тіркестер қазақ әдеби тілінің лексикалық қорын толықтырып қана қойған жоқ, әдеби тіл қолданысын биік белестерге көтерді. Абай «фразеологияны поэтикалық экспрессияның құралы» (Сыздықова, 2014) ретінде жұмсайды. Тілдік қолданыстағы *дүниеге келу, өмірге келу* тұрақты сөз тіркестері қатарын ақын поэтикасына тән *өмір тонын кию, өмірдің өріне шығу* сияқты бейнелі тіркестермен толықтыруға болады. Абай поэтикасынан перефрастический тіркестердің мол қолданылғанын, жаңа, соны тіркестер жасағанын, бұрынғы тіркестерді өзгертіп қолданғанын бізге дейінгі зерттеушілер айтқан болатын.

Абай – ақын ретінде көркемдік шеберлік биігінен көрінетін өзіндік дара тұлға. Жазушы туындыларындағы оқиғаның шынайылығы, табиғилығы, ойдың нақты, жинақы берілуі, аз сөзге көп мағына сыйғызуы, қарапайымдылығы – ақынның өзіндік өрнегін, ешкімге ұқсамайтын стилін танытатын белгілер. Абай өлеңдерін сөз еткенде өлең өлшеміне қатысты ерекшеліктерін де атап өткен жөн. Абай өзіне дейінгі дәстүрлі буын өлшемін, яғни силлабикалық буын өлшемін қолдана отырып, өлеңнің тармағына, буын санына өзіндік қолтаңба қалдырды. Оған ақынның «сегіз аяқ» атты өлеңін жатқызуға болады. Абай поэтикасындағы осы жетістіктерді поэтикалық мәтіндердің кіші корпусын жасауда басшылыққа алу керек. Абайдың қазақ әдеби тіліне енгізген жаңа қолданыстары мен перефразаларын, авторлық фразеологизмдерін Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасауда қолдану арқылы Абай мұрасын келешек ұрпаққа аманат етеміз.

Поэтикалық мәтін корпусының грамматикалық ерекшеліктерін толықтыруда да Абай қолданысына тән тілдік бірліктердің қызметі орасан зор. Бұл тұста да академик Рәбиға Сыздықова пайымдап кеткен тұжырымдардың мәні жоғары. Ғалым пікірінде қазақ грамматикасында көп қолданыла бермейтін кейбір грамматикалық тұлғалардың жаңа сөз жасаудағы қызметінің ерекше назар аударатындығы айтылады. Ақын өлеңдеріндегі *-сы/-сі* жұрнағының жаңа мән үстеудегі қызметін *әсемсі, көлгірсі* сияқты мысалдармен түсіндіреді (Сыздықова, 2014). Абай поэтикасындағы етістікті сөздердің қолданысы ерекше назар аударады. Абай поэтикасындағы психолінгвистикалық бірліктер, яғни адамның психологиялық күйін білдіретін лексемалар *жүрегі лүпілдеу, жүрегі жарылу, жүрегін жаралау, жүрегі алып ұшу, жүрегі шайылу, жүрегі күпті болу, жүрегі елжіреу, жүрегі тебірену, жүрегі сыздау*, т.б. сияқты етістіктер ұлттық корпус қорын айтарлықтай толықтыра түсері даусыз. Академик Рабиға Сыздықованың «Абайдың сөз өрнегі» (1995) атты лингвостилистикалық аспектіде зерттелген еңбегін Абай өлеңдерінің кіші корпусын түзуде лингвостатистикалық негізде қарап, линвопоэтикалық мәтіннің, Абайдың тілдік тұлғасын танудың құралы ретінде қарауға болады. Зерттеу еңбегіндегі «Сөз – өлеңнің арқауы» деп аталатын тарауда қазақ поэтикалық мәтін корпусына қажетті тұжырымдар мен пайымдаулар кездеседі. Абай өлеңдерінің мәтінін ұлттық корпус базасына енгізу негізінде ақын тілінің жиілік сөздік қорын толықтыруға болады.

«Абай тілінің сөздігі» жасалған, ол статистикалық мәліметтерге негізделген. Абай өлеңдерінің жиілігін анықтау, оның статистикалық сипатын айқындау «Қазақ поэтикалық корпусы әзірлемесі: Абай өлеңдерінің морфологиялық және поэтикалық белгіленімі» БНҚ бағдарламасы негізінде жүзеге асыру көзделіп отыр. Ақын қолданысындағы сөздердің түрленіп жұмсалыу ерекшелігін, Абай поэтикасының тілдік, стильдік сипатын, бүгінгі цифрлық корпус құру жобаларында пайдалану қажет. Абай өлеңдеріне морфологиялық белгіленім жасау арқылы поэтикалық белгіленім жасауға қажетті ұғымдар мен түсініктердің қатарын айқындауға, толықтыруға болады. Ақын өлеңдерінің мәтіндік жиынтығы, бір-біріне тығыз байланыстылығы, тұтынушы сұранысына бейімділігі, бір орталықта жүйеленуі де корпус жұмысын жетілдіруге септігін тигізеді. Сондықтан ғылыми, технологиялық мүмкіндіктер мен жетістіктерді қолдана отырып, жүйелі, сапалы поэтикалық мәтін корпусын, Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасау қажет.

Қорытынды

Абай тілінің кіші корпусын жасау, қазақ поэтикалық мәтіндерінің корпусын толықтыру қазіргі қоғам үшін аса маңызды, өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жалпы, әлемдік тәжірибеде тілдің ұлттық корпусы түрлі тақырыптағы кіші корпустардан тұрады. Әлем тілдеріндегі кез келген корпус сол тілдің лексикасы мен грамматикасын, ондағы өзгерістерді ғылыми зерттеу үшін аса қажет. Ақпаратты табу, көлемді материалдарды іздеу, талдау, өңдеу, статистикалық мәліметтерді алу үшін оңтайлы. Абай шығармаларындағы тілдік бірліктерді корпуслық технология көмегімен модельдеп, қоғам қажеттілігіне жарату қажет. Абай шығармаларының лингвистикалық белгіленім талдамасын жасау, морфологиялық және синтаксистік белгіленімдерін айқындау үлкен ұжым, мемлекет деңгейінде атқарылатын шаруа. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың осындай ұлттық құндылықты қолдау мақсатында «қазақ поэтикалық корпусы» жұмыстарына, гранттық жобаларға айтарлықтай қолдау көрсетуі Абай өлеңдерінің кіші корпусын түзіп, ел игілігіне жаратудың бастапқы қадамы болмақ. Қорыта келе, поэтикалық мәтін корпусын жетілдіру, Абай өлеңдерінің кіші корпусын жасау арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткіземіз:

- Абай өлеңдерін автоматтандырудың ғылыми әдіснамасын айқындау;

- Абай өлеңдерінің суреттеу қорын жасақтау;
- электронды тілдік корпустар қызметін жетілдіру;
- Абай тілінің сөздігін жасау, лексикографиялық зерттеулер жүргізуде пайдалану;
- Абай поэтикасына қатысты жасалған ғылыми тұжырымдарды ұлттық корпус жасау ісінде қолдану;
- морфологиялық және поэтикалық белгіленімдер қойылған Абай өлеңдерінің негізінде қазақ поэтикалық мәтіндерінің кіші корпусын толықтыру;
- қазақ өлеңдеріне цифрлық өңдеу жасай алатын бағдарламалар әзірлеу;
- Абай тіліне қатысты лингвистикалық алгоритмдер мен кешенді сипаттағы теориялық,

тәжірибелік материалдарды біріктіретін бағдарламалар қорын дайындау.

Абай тілі ұлттың, халықтың құнды қазынасы болғандықтан, соның барлық болмысын, ерекшеліктерін корпус қорына енгізу маңызды. Абай өлеңдерінің цифрлық корпусын құру инновациялық жобалардың дамуына және жаңа лингвистикалық және мәдени ресурстардың жандануына септігін тигізеді.

Зерттеуді ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі, ғылым комитеті қаржыландырады. Мақала ЖТН BR21882334 «Қазақ поэтикалық корпусы әзірлемесі: Абай өлеңдерінің морфологиялық және поэтикалық белгіленімі» БНҚ бағдарламасы негізінде орындалды.

Әдебиеттер

- Жұбанов А., Жаңабекова А. Корпустық лингвистика (оқу құралы). – Алматы, 2016. – 336 б.
- Жұбанов А.Қ. Қазақ тілі мәтіндер корпусының компьютерлік базасын құрудың алғышарттары // ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор Р.С. Сыздықтың 85 жылдығына орай өткізілген «Әдеби тіл және қазақ тілінің өнермендігі» атты ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2019. – 175-179 бб.
- Плунгян В.А. Зачем мы делаем Национальный корпус русского языка? // Отечественные записки. – 2005. – № 2. – С. 296-308.
- Добрушина Н.Р. Как использовать Национальный корпус русского языка в образовании? // Национальный корпус русского языка: 2003-2005. – М.: Индрик, 2005. – С. 308-329.
- Рахилина Е.В. Корпус как творческий проект // Национальный корпус русского языка: 2006-2008. Новые результаты и перспективы. – СПб.: Нестор-История, 2009. – С. 7-26.
- Мадиева Г.Б., Уматова Ж.М. Об Алматинском корпусе казахского языка // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия филологическая. – № 4. – 2015. – С. 98-103.
- Мадиева Г.Б., Бектемирова С., Мамбетова М. Алматы қазақ тілі корпусы: болашағы мен нәтижесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – № 3. – 2015. – 58-62 бб.
- Ельдесов Д. Язык без корпуса: возродится ли казахский язык? – 2012. – 21 июня. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.altyn-orda.kz/dastan-eldesov-yazyk-bez-korpora-vozdroitsya-li-kazaxskij-yazyk/>. (дата обращения: 3.03.2024).
- Сулейменова Э.Д. Языковая политика – фактор укрепления национально-государственной идентичности. – 2013. – 29 ноября. [Электронный ресурс]. – URL: <http://dknews.kz/yazykovaya-politika-faktor-ukrepleniya-nacionalno-gosudarstvennoj-identichnosti/>. (дата обращения: 23.02.2024).
- Алматинский корпус казахского языка. [Электронный ресурс]. – URL: http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=ru. (дата обращения: 23.02.2024).
- Национальный корпус русского языка. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.ruscorpora.ru/> (дата обращения: 23.02.2024).
- Британский национальный корпус. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.natcorp.ox.ac.uk/> (дата обращения: 23.02.2024).
- Калдыбеков Т.Е. Англо-Казахский параллельный корпус для статистического машинного перевода // Молодой ученый. – 2014. – №6. – С. 92-95.
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Тіл порталы. [Электронный ресурс]. – URL: <http://dawhois.com/www/til.gov.kz.html>. (Пайдаланылған күні: 01.03.2024).
- Kazakh Language Corpus. [Электронный ресурс]. – URL: <http://kazcorpus.kz/kleweb/en/> (Пайдаланылған күні: 01.03.2024).
- Makhambetov O., Makazhanov A., Yessenbayev Zh., Matkarimov B., Sabyrgaliyev I., Sharafudinov A. Assembling the Kazakh Language Corpus // In Proceedings of the 2013 Conference on Empirical Methods in Natural Language Processing. Association for Computational Linguistics – Seattle. – Washington. – USA. October, 2013. – P. 1022-1031.
- Alimzhanov Y., Mansurova M. An approach of automatic extraction of domain keywords from the Kazakh text // Lecture Notes in Computer Science (including subseries Lecture Notes in Artificial Intelligence and Lecture Notes in Bioinformatics). – Proc. of the ICCCI-8, Halkidiki, 2016. – P. 555-562.
- Mansurova M., Madiyeva G., Aubakirov S., Yermekov Zh., Alimzhanov Ye. Design and Development of Media-Corpus of the Kazakh Language // Computational Collective Intelligence. N.T. Nguyen et al. (Eds.): ICCCI, 2017. – Part II. – LNAI 10449. – P. 509-518.

- Пірманова К., Жаңабекова А., Барменқұлова А. Ұлттық корпустарға негізделген лингвистикалық зерттеулер жүргізу // ҚазҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. – №3 (187). – 2021. – 84-85 бб.
- Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 580 б.
- Махмудов Х.Х. Некоторые вопросы теоретической стилистики // Филологический сборник. – Алматы, 1966. – Вып.4. – С. 226.
- Виноградов В.В. Поэтика и ее отношение к лингвистике и теории литературы // Вопросы языкознания. – 1962. – №5. – С. 5.
- Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973. – 48-б.

References

- Almatinskiy korpus kazakhskogo yazyka [Almaty corpus of the Kazakh language]. [Electronic resource] – URL: http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=ru. (Date od use: 23.02.2024). (in Russian).
- Alimzhanov, Y., Mansurova, M. (2016). An approach of automatic extraction of domain keywords from the Kazakh text. [An approach of automatic extraction of domain keywords from the Kazakh text]. Lecture Notes in Computer Science (including subseries Lecture Notes in Artificial Intelligence and Lecture Notes in Bioinformatics), P. 555-562.
- Axmetov, Z. (1973). Өлең сөздің теориясы [The poem is the theory of words]. Almaty. Mektep (in Kazakh).
- Britanskiy natsional'nyy korpus [British National Corps]. [Electronic resource] – URL: <http://www.natcorp.ox.ac.uk/> (Date od use: 23.02.2024). (in Russian).
- Dobrwżyna, N.R. (2005). Kak ispolzovat Natsionalny korpus rwsckogo yazyka v obrazovanii? [How to use the National Corpus of the Russian Language in education]. Moscow. (in Russian)
- Jubanov, A., Jañabekova, A. (2016). Korpwstiq lingvistikqa [Corpus linguistics]. Almaty. (in Kazakh).
- Jubanov, A.Q. (2019). Qazaq tili matinder korpwsimni kompyuterlik bazasın qurwdiñ alǵıshartarı [Prerequisites for creating a computer database of the corpus of Kazakh language texts]. Almaty. (in Kazakh).
- Kaldybekov, T.Ye. (2014). Anglo-Kazakhskiy parallel'nyy korpus dlya statisticheskogo mashinnogo perevoda [Anglo-Kazakh parallel corpus for statistical machine translation]. Young scientist, P. 92-95. Almaty. (in Russian).
- Kazakh Language Corpus [Electronic resource] – URL: <http://kazcorpus.kz/klcweb/en/> (Date od use: 01.03.2024). (in Kazakh).
- Qazaqstan Respwblıkası Memlekettik Til portalı [State Language Portal of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] – URL: <http://dawhois.com/www/til.gov.kz.html>. (Date od use: 01.03.2024). (in Kazakh).
- Madıeva, G.B., Wmatova, J.M. (2015). Ob Almatınskom korpwse kazaxskogo yazıka [About the Almaty Corpus of the Kazakh language]. Vestnik KazNU. Seria filologicheskaja [Bulletin of KazNU. The series is philological]. Iss.4, P. 98-103. Almaty. (in Kazakh).
- Madıeva, G.B., Bektemirova, S., Mambetova, M. (2015). Almatı qazaq tili korpwsı: bolaşaǵı men natijesi [Almaty corpus of the Kazakh language: future and results]. Vestnik ENU. Seria filologicheskaja [Bulletin of ENU. The series is philological]. Iss. 3, P. 58-62. Almaty. (in Kazakh).
- Makhambetov, O., Makazhanov, A., Yessenbayev, Zh., Matkarimov, B., Sabyrgaliyev, I., Sharafudinov, A. (2013). Assembling the Kazakh Language Corpus. In Proceedings of the 2013 Conference on Empirical Methods in Natural Language Processing. Association for Computational Linguistics. Seattle. Washington. USA, P. 1022-1031.
- Mansurova, M., Madiyeva, G., Aubakirov, S., Yermekov, Z., Alimzhanov Ye. (2017). Design and Development of Media-Corpus of the Kazakh Language. Computational Collective Intelligence. Part II, P. 509-518.
- Maxmwdov, X.X. (1966). Nekotarie voprosı teoreticheskoj stilistikı [Some questions of theoretical style]. Almaty. (in Kazakh).
- Natsional'nyy korpus russkogo yazyka [National Corpus of the Russian Language]. [Electronic resource] – URL: <http://www.ruscorpora.ru/> (Date od use: 23.02.2024). (in Russian)
- Pirmanova, K., Jañabekova, A., Barmenqulova, A. (2021). Ulttıq korpwstarǵa negizdelgen lingvistikalıq zertteuler júrgiziw [Conducting linguistic research based on national corpora]. Vestnik KazNU. Seria filologicheskaja [Bulletin of KazNU. The series is philological]. Iss.3 (187), P. 84-85. Almaty. (in Kazakh).
- Plwngyan, V.A. (2005). Zaçem mı delaem Natsionalny korpus rwsckogo yazıka? [Why are we making the National Corpus of the Russian language?]. Moscow. (in Russian).
- Raxılına, E.V. (2009). Korpws kak tvorçeskij proekt [Housing as a creative project]. Moscow. (in Russian)
- Suleymenova, E.D. (2013). Yazykovaya politika – faktor ukrepleniya natsional'no-gosudarstvennoy identichnosti [Language policy is a factor in strengthening national-state identity]. – URL: <http://dknews.kz/yazykovaya-politika-faktor-ukrepleniya-natsionalno-gosudarstvennoj-identichnosti/>. (Date od use: 23.02.2024). Almaty. (in Russian).
- Sızdıqova, R. (2014). Abaydıñ söz ornegi [Abai's expression]. Almaty. (in Kazakh).
- Vınoogradov, V.V. (1973) Poetika i ee otnoşenie k lingvistikke i teorii literaturı [Poetics and its relation to linguistics and theoretical literature]. Moscow. (in Russian).
- Yel'desov, D. (2012). Yazyk bez korpwsa: vozroditsya li kazakhskiy yazyk [Language without corpus: will the Kazakh language be revived?]. – URL: <http://www.altyn-orda.kz/dastan-eldesov-yazyk-bez-korpwsa-vozroditsya-li-kazaxskij-yazyk/>. (Date od use: 3.03.2024). Almaty. (in Russian).

Авторлар туралы мәлімет:

Саткенова Жайна Бағашаровна (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: jaina1978@mail.ru);

Мадиева Гүльмира Баянжановна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: gmadi@kaznu.kz);

Алинтаева Лаззат Тургыновна – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: lazalim_72@mail.ru).

Келіп түсті: 9 наурыз 2024 ж.

Қабылданды: 29 мамыр 2024 ж.